

М.Д. ДӘУЛЕТОВА^{1✉}, Қ.С. АБДИРАМАШЕВА², Г.А. ИЗЗАТУЛЛАЕВА²

¹медицина ғылымдарының кандидаты, Қожжа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті м.а.

(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: meruyert.dauletova@ayu.edu.kz

<https://orcid.org/0000-0003-4418-1571>

²Қожжа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы

(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mails: abdiramasheva65@mail.ru; izzatullaeva.g@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДАҒЫ «СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТ»

Аңдатпа. Жұмыс мақсаты ретінде студенттерді интерактивті оқытуда «стандартталған пациенттерді» қолдану алынды. Медициналық жоғары оқу орындарында білім беруде «стандартталған науқастарды» қолдану оқытушыларға оқу үдерісін бақылауға және инновациялық технологияларды ескере отырып, жаңа жұмыс оқу бағдарламаларын дайындауға мүмкіндік береді. Бұл әдісті қолдану арқылы нағыз науқастарға тікелей байланысты жоспарланбаған кеңестерден ерекшелігі – клиникалық сценарийлерді қолдану арқылы нақты нәтижелерді жоспарлауға болады. Білім алушылар шынайы науқастардың өміріне зиян келтірмей өте күрделі де қиын практикалық дағдыларды жасауға мүмкіндік алады. Стандартталған пациент белгілі клиникалық сценарийге сәйкес клиникалық жағдайды (клиникалық тапсырманы) модельдеп көрсетеді. Ағылшын тілінен аударғанда «стандарт» демек, «стандартталған», яғни, бұл пациент өзінің клиникалық сценарийінде жазылған алтын «стандарт» аясында осы немесе басқа клиникалық сценарийді қатаң ұстануы және модельдеумен айналысады. СП-ті білім беру процесіне қосу: қабылдауға келетін пациенттерге байланысты нақты клиникалық жағдайларда жоспарланбаған консультациялардан айырмашылығы сценарийлерді пайдалану арқылы оқытудың нақты нәтижелерін жоспарлауға мүмкіндік береді. Егер пациент немесе білім алушы шаршаса, оқу кезеңдерінде кеңес беруді тоқтату мүмкіндігі бар. Студенттер басқа стратегияларды сынап көру үшін қайта кеңес бере алады. Студенттер СП-тен, топ мүшелерінен және жаттықтырушыдан кері байланыс ала алады. Студенттер нақты пациенттерге зиян келтіру қаупінсіз күрделі кеңес бере алады. Сценарийлерді білім алушының қажеттіліктеріне және оның қабілеттеріне бейімдей алады. Оқу палатасының жағдайы қажетті медициналық құралдар жиынтығы бар нақты дәрігер кабинетіне (палатаға) жақын.

Кілт сөздер: стандартталған науқас, интерактивті оқыту, студенттер, клиникалық сценарийлер, шынайы науқастар, клиникалық дағдылар, білім беру үдерісі.

M.D. Dauletova¹, K.S. Abdiramasheva², G.A. Izzatullaeva²

¹Candidate of Medical Sciences, Acting Associate Professor

of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: meruyert.dauletova@ayu.edu.kz

²Lecturer of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

(Kazakhstan, Turkistan), e-mails: abdiramasheva65@mail.ru; izzatullaeva.g@mail.ru

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Дәулетова М.Д., Абдирамашева Қ.С., Иззатуллаева Г.А. Студенттерді оқыту барысындағы «стандартталған пациент» // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №1 (123). – Б. 240–255. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.21>

*Cite us correctly:

Dauletova M.D., Abdiramasheva Q.S., Izzatullaeva G.A. Studentterdi oqytu barysyndagy «standarttalgan pacient» [The «Standardized Patient» in Student Education] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №1 (123). – Б. 240–255. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.21>

The «Standardized Patient» in Student Education

Abstract. The aim of the work was to study the use of «standardized patients» in the process of interactive teaching of students. When using «standardized patients» in teaching, teachers of medical universities will be able to control the educational process, create new working curricula taking into account the use of innovative technologies. As a result of this method, it is possible to plan specific learning outcomes through the use of clinical scenarios, as opposed to unplanned consultations in real conditions, depending on real patients. Trainees have the opportunity to practice complex counseling without risking the risk of harm to real patients. A standardized patient dramatizes / simulates a clinical case (clinical task), according to a given clinical scenario. Translated from English, «standart» – hence «standardized», i.e. this patient must strictly follow and simulate a particular clinical scenario strictly within the «gold standard» prescribed in his clinical scenario. The inclusion of the joint venture in the educational process gives: The opportunity to plan specific learning outcomes through the use of scenarios, as opposed to unplanned consultations in real clinical settings, depending on the patients who come to the appointment. The ability to stop the consultation during the training stages if the patient or students are tired. Students can re-consult to try other strategies. Students can get feedback from the JV, group members, and the coach. Students can practice complex consultations without the risk of harming real patients. The scenarios can be adapted to the learner's needs and abilities. The situation of the training room is close to a real doctor's office (ward) with the necessary set of medical devices.

Keywords: standardized patient, interactive learning, students, clinical scenarios, real patients, clinical skills, educational process.

М.Д. Даулетова¹, К.С. Абдирамашева², Г.А. Иззатуллаева²

¹кандидат медицинских наук, и.о. доцента

Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: meruyert.dauletova@ayu.edu.kz

²преподаватель Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mails: abdiramasheva65@mail.ru; izzatullaeva.g@mail.ru

«Стандартизированный пациент» в обучении студентов

Аннотация. Целью работы явилось изучение использования «стандартизированных пациентов» в процессе интерактивного обучения студентов. При использовании «стандартизированных пациентов» (СП) в обучении преподаватели медицинских вузов смогут контролировать учебный процесс, создавать новые рабочие учебные программы с учетом использования инновационных технологий. В результате данного метода можно планировать конкретные результаты обучения посредством использования клинических сценариев, в отличие от незапланированных консультаций в реальных условиях, зависящих от реальных пациентов. Обучающиеся имеют возможность практиковать сложные консультации без угрозы риска причинения вреда настоящим больным. Стандартизированный пациент инсценирует/симулирует клинический случай (клиническую задачу), согласно заданному клиническому сценарию. В переводе с английского языка «standart» – отсюда «стандартизированный», т.е. данный пациент строго следует и симулирует тот или иной клинический сценарий строго в рамках «золотого стандарта», прописанного в его клиническом сценарии. Включение СП в образовательный процесс дает: возможность планировать конкретные результаты обучения посредством использования сценариев, в отличие от незапланированных консультаций в реальных клинических условиях, зависящих от приходящих на прием пациентов. Имеется

возможность остановить консультацию на этапах обучения, если пациент или учащиеся утомлены. Обучающиеся могут повторно провести консультацию для того, чтобы попробовать другие стратегии. Обучающиеся могут получить обратную связь от СП, членов группы и тренера. Обучающиеся могут практиковать сложные консультации без угрозы риска причинения вреда реальным пациентам. Сценарии можно адаптировать к потребностям обучающегося и его способностям. Обстановка учебной палаты приближена к реальному кабинету врача (палате) с необходимым набором медицинских приборов.

Ключевые слова: стандартизированный пациент, интерактивное обучение, студенты, клинические сценарии, реальные больные, клинические умения, образовательный процесс.

Кіріспе

Медициналық жоғары оқу орындарында білім беруде «стандартталған пациенттерді» қолдану оқытушыларға оқу үдерісін бақылауға және инновациялық технологияларды ескере отырып жаңа жұмыс оқу бағдарламаларын дайындауға мүмкіндік береді. Білім алушылар шынайы науқастардың өміріне зиян келтірмей өте күрделі де қиын практикалық дағдыларды жасауға мүмкіндік алады. Стандартталған пациент белгілі клиникалық сценарийге сәйкес клиникалық жағдайды (клиникалық тапсырманы) модельдеп көрсетеді. Пациент өзінің клиникалық сценарийінде жазылған «алтын стандарт» аясында осы немесе басқа клиникалық сценарийді қатаң ұстануы және модельдеумен айналысады. СП-ті білім беру процесіне қосу: қабылдауға келетін пациенттерге байланысты нақты клиникалық жағдайларда жоспарланбаған консультациялардан айырмашылығы сценарийлерді пайдалану арқылы оқытудың нақты нәтижелерін жоспарлауға мүмкіндік береді. Егер пациент немесе білім алушы шаршаса, оқу кезеңдерінде кеңес беруді тоқтату мүмкіндігі бар. Студенттер басқа стратегияларды сынап көру үшін қайта кеңес бере алады. Студенттер СП-тен, топ мүшелерінен және жаттықтырушыдан кері байланыс ала алады. Студенттер нақты пациенттерге зиян келтіру қаупінсіз күрделі кеңес бере алады. Сценарийлерді білім алушының қажеттіліктеріне және оның қабілеттеріне бейімдей алады. Оқу палатасының жағдайы қажетті медициналық құралдар жиынтығы бар нақты дәрігер кабинетіне (палатаға) жақын.

Мақаланың мақсаты студенттерді интерактивті оқытуда «стандартталған пациенттерді» қолдану әдістерін саралау.

Мақаланың міндеті:

1. Халықаралық деректер базасында индекстелген зерттеулер бойынша әдебиеттерге шолу жасау.
2. Талдау нәтижелеріне қорытынды жасау.

Зерттеу әдістері

Халықаралық Scopus базасындағы (<https://www.scopus.com>) стандартталған пациенттерді қолданудың тиімділігі туралы ғылыми әдебиеттерге ретроспективті шолу жасау.

Талдау мен нәтижелер

Білім беру жүйесінде заманауи көзқарас бойынша жаңа білім мен біліктіліктерді жетілдіруде білім деңгейін тереңдетуіне әсер ететін көптеген әдістер қолданылуда. Қазіргі кезде заманға сай медициналық жоғары оқу орындарында оқыту үдерісінде кең тараған түрлі ауруларды көрсету үшін жағдаяттық есептер қолданылып жүр. Соған қарамастан, науқастармен қарым-қатынас орнатуды және клиникалық ойлануды толығымен қалыптастыру мүмкін емес. Студенттерді интерактивті оқыту әдістері арқылы дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үдерісінде оқытушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауға, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуға толық мүмкіндік береді. Интерактивті оқыту әдісі қажетті ақпаратты игеруге уақытты көбірек бөлуді, бағалауда жаңа, күрделі өлшемдерді қолдануды қажет етеді.

және білім алушылардың танымдық іс -әрекетін басқаруда тәжірибесі аз оқытушыларға көптеген қиындықтар туғызады [1].

Әлемдік медицинада «стандартталған пациент» (СП) әдісі кең қолданылуда. Білім алушының өз бетінше жұмыс істеуіне СП әдісі толығымен осы талаптарға жауап береді. «Стандартталған пациент» әдісімен оқыту барысында әртүрлі клиникалық жағдайларда білімгердің іс-әрекетін көруге және талқылауға, оның ішінде дифференциалды диагноз жүргізу, болжам диагноз қою дағдыларын бақылау міндетті болып табылады. Нәтижесінде білімгерлердің медициналық ұжымдағы білімі нығайып жұмыс істеу дағдысы қалыптасады.

Білім алушылардың кәсіби іскерліктері мен дағдыларын жақсы меңгерулері үшін олар науқастармен палатада көбірек жұмыс істеулері қажет. Қазіргі кезде науқастар практикант білімгерлермен байланысқа түсуден бас тартады, олар біліктілігі жоғары дәрігерге қаралуды және өзіне жекедара күтімнің болуын талап етеді. Бұл жағдай білімгерлердің өз білімдерін практикада қолдануға кедергі жасайды. Ал кәсіби практикаға барғанда білімгерлерді науқастарға жіберу үшін ол барлық практикалық дағдыларды жетік меңгеруі қажет.

СП протоколына клиникалық әрекеттер барысында ретімен ситуациялық көңіл-күй реакцияларын немесе синдромды көрсете алатын арнайы оқытылған еріктілер енгізілген. Кез келген клиницист (немесе білімгер) бұл «пациент» – актер екендігін ажырата алмайтындай өте отырып шынайы науқасты бейнелейтіндей етіп оқытады. Нағыз «стандартталған пациент» әдістемесі бойынша студентке тек науқас симптомдарын ғана емес, сонымен қатар ауру тарихын, организмнің реакциясын, физикалық мәліметтерін, нағыз сырқат адамға тән тұлғаның эмоциялық мінезі мен ерекшеліктерінен ақпарат береді. Бұл әдісті қолдану кезінде мәліметті өте жақсы игеру үшін тәжірибелік сабақтарда студенттер қажет жағдайда сұхбатты немесе қарауды тоқтатып қайта жандандыруына мүмкіндік болады. Шынайы сценарийлерді меңгере отырып студенттер тәжірибе жинаса, ал оқытушылар практикада олардың жаңа дағдыларын меңгеруін бағалай алады.

Білім алушылар медициналық және әлеуметтік анамнез жинай алады. Жоғарғы курс үшін оқу жоспары мен тәжірибедегі қызметті байланыстыруға жағдай жасалады. Университеттердегі практикадағы мамандар мен білімгерлер үшін коммуникативті дағдылар мен құзіреттіліктерді анықтау мақсатында ұжымдық және студенттермен «рөлдік ойындар» енгізілген. Ол арзан әрі ыңғайлы әдіс болғанымен актерлік шеберлік болмауына байланысты шынайылық деңгейі өте төмен болады.

Білім беруде СП барлық пәндер мен мамандықтарда (терапия, хирургия, педиатрия, акушерлік-гинекология және т.б.), сонымен бірге психология мен әлеуметтік жұмыстар саласында да қолдану міндетті. Бұл әдісті білімгерлер саны аз топта қолданғанда «жұмыс уақыты/үзіліс» (the «time-in/time-out» format) түрін өздері таңдап отырады [2].

Симуляциялық құрал-жабдықтарды қолдану нағыз медициналық тәжірибемен сәйкес келе бермейді, яғни анамнез жинау, объективті тексеру және коммуникативті дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік бермейді. Симуляциялық оқытудың қазіргі бағыттарының бірі – стандартталған науқас әдістемесін қолдану болып табылады. Болашақ дәрігерлерді дайындау стандартталған науқастарды қатыстыру арқылы, ойын түрінде өтеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша СП әдісін клиникалық пәндер бағдарламасына енгізудің өте тиімді екені туралы айтуға болады. Сондықтан СП әдісін медициналық жоғары оқу орындарында оқыту барысына енгізу өте ұтымды. «Стандартталған пациент» – бұл арнайы дайындалған, аурудың белгілерін нақты орындайтын актер. Арнайы науқас рөліндегі актер стандартты шағымдарын баяндай отырып, аурудың стандартты клиникалық белгілерін орындайды.

СП әдісімен оқытудың негізгі мақсаты – тәжірибелік дағдылар мен білім сапасын арттыру мен бағалау, заманауи робот-симулятор, яғни «симуляциялық науқас» тәжірибелік сабақтарда өте жиі қолданылуда.

СП әдісінің ұтымды жақтары: біріншіден білімгер шынайы науқаспен практикалық жұмыс жүргізіп, қателіктер болған жағдайда оларды түзете алады. Екіншіден, білімгер өз білімі мен күшіне сене отырып жеке әрекет ете алады. Үшіншіден, кез-келген дәрігердің шынайы еңбек күні барысында кездесетін өте тығыз уақытты үнемдеуде білімгерге көмек береді [3].

Сценарий науқастың нақты эмоционалды және мінез-құлық реакцияларын қамтиды. Дайындалған сценарийде СП әр нақты жағдайда нақты науқастың эмоционалды жағдайы мен мінез-құлқы туралы толық ақпарат алады. Егер дәрігер ұқсас сұрақтар қойса, актер тиісті жауаптарды қайталайды. Бірақ актер жауап беру үшін рөлден шықпай науқастың табиғатын сезіне отырып жаңа сұрақтарға жауап беруі тиіс [4].

Marcia S Bosek, Suling Li, Frank D Hicks зерттеулерінде стандартты науқастармен (СП) кездесулер білім алушылардың клиникалық тәжірибесін арттыратынын және студенттердің үлгерімін бағалаудың тиімді әдісі болатындығын атап өтеді. СП жұмыс бірнеше кезеңдерден тұратындығын, олармен кездесулерді мұқият жоспарлау, СП іріктеу және оларды оқыту, барлық қатысушыларды қолдау және сауалнама жүргізу. Бірлескен жиналыстар құзыреттіліктің мақсаттары мен критерийлері негізінде жасалып, нақты оқиғалармен байланысты болуы керек. Көбінесе белгілі бір аурумен байланысты кез-келген жиналыс процесі стандарттау үшін пайдалы. СП дайындығына медициналық жағдайлар туралы анықтамалық ақпарат беру, рөлдік ойын кезінде кері байланыс және нәтижелердің сәйкестігін тексеру кіреді. Барлық қатысушылар СП жұмысты одан әрі жақсарту үшін кездесу процесін бағалауы керек [5].

Стандартталған науқастар медициналық мамандарды симуляция арқылы оқытуда үлкен рөл атқарады деп ғалымдар тұжырымдайды. Актерлерді (СП) оқыту және симуляциялық сессияларды өткізуге дайындық қатаң болуы керектігін, олардың қорытынды талдауларға қатысуы әсіресе студенттер үшін пайдалы болатындығын еңбектерінде жазады. Стандартталған науқастың симуляциялық оқытуға қосатын шынайылығы – бұл сөзсіз құнды оқыту құралы болатындығын ескертеді [6].

Бірқатар ғалымдар жасөспірім СП таңдау және оларға төмен және жоғары стресс рөлдерінің әсерлерін бағалаған. Мұқият таңдалған СН үш шарт бойынша бөлінген: төмен стрессті медициналық рөл, жоғары стрессті психоэмоуметтік рөл және күту тізімін бақылау. Симуляцияу әсерін бағалау үшін сапалық және сандық көрсеткіштер қолданылған. Нәтижелері бойынша СП қатысушылар үшін пайдалы кәсіби дағдыларды игеруге және олардың қоғам өміріне маңызды үлес қосатындығынан атап кеткен [7].

Халықаралық мәліметтер бойынша бұл салада бірқатар ғалымдардың еңбегі бар. Dietrich E., Le Corre Y., Dupin N., Dréno B., Cartier I., Granry J.C., Martin L. авторлары өздерінің еңбегінде «Симуляциялық оқыту» әдісін қолдану дерматология саласында кең таралмағанын атап өтеді. Бұл зерттеуге 15 резидент дәрігерлер қатысқан. Меланома диагнозын анықтауда симуляцияны үлгілеудің пайдалылығы зерттелген. Оқу сабақтары басталар алдында кіріспе нұсқаулық (пребрифинг) өткізілген. Дебрифинг диагнозды ашу бойынша консультация аяқталғаннан кейін өткізілген. Қатысушылар симуляция сессиядан кейін, қорытынды тұжырым жасағаннан кейін және 3 айдан кейін сауалнамаларды толтырған. Тыңдаушыларға симуляциядан бірнеше ай өткеннен кейін симуляциялық сессия тиімділігі негіз болды. Қатысушылардың көпшілігі (93,3%) сессия стрессті жеңуге көмектесті, олардың көзқарасы мен реакциясын бақылауды жақсартты (86,6%), сонымен қатар қарым-қатынас дағдыларын жақсартты (100%) деген тұжырымға келген. Олар үлгілеудің пайдалылығын орта есеппен 7,79/10 деп бағалады (диапазон: 5–10). Біздің қорытындыларымыз бойынша, дәрігер-резиденттер, әсіресе тәжірибесі аз дәрігерлер, оқытудың осы әдісіне қанағаттанды. Медициналық дайындықтың қай сатысында өтсе де, симуляциядан алынған нақты пайда бар. Симуляция мамандық бойынша бакалаврларды

дайындаудың заманауи бағдарламаларының маңызды бөлігі болуы керек деп қорытынды жасаған [8].

Жақсы клиникалық тәжірибе үшін күшті қарым-қатынас, эмпатия және тұлға аралық дағдылар өте маңызды деп Sweeney, R.^a және өзге авторлар тұжырымдаған. Олар өздерінің еңбегінде жоғары курстағы білімгерлер үшін коммуникативтік дағдыларды дамытудың тамаша тәсілі актерлермен дайындалған симуляция болады деп ойлаған. Педиатрияда баланың өлімі және денсаулығын қорғау сияқты қиын жағдайларға негізделген коммуникативті оқу курсы жасаған. Актерлер күрделі және стресстік клиникалық сценарийде ата-ана/қамқоршы ретінде әрекет ететін кейіпкерлерді сомдауға шақырылған. Содан кейін педиатриялық стажерлар коммуникативтік дағдыларға ерекше назар аудара отырып, симуляцияларға қатысқан. Кері байланыс және қорытындылау қамтамасыз етілген. Симуляциялық курстың әсері симуляциядан кейін кіші-топтарда жиналған деректерді талдау арқылы бағаланған. Қатысушылар актердің эмоционалды жағдайларға *in vivo*-ға жауап беру қабілетін атап өтті. Бұл ресми оқытусыз әзірленген симуляциялық науқастармен салыстырғанда әлдеқайда тиімді екенін сезінген. Актерлер медициналық емес тұрғыдан дене тілі, тон және тілді қолдану аспектілері туралы кері байланыс ұсына алған. Актерлер іс-әрекетін, тілдерін және эмоционалды сипатын өзгерте отырып, қатысушылардың ынтасын, симуляциялардың шынайылығын арттырған [9].

Балалар неврологиясы саласында білім алушыларының коммуникативтік дағдыларын объективті құрылымдық клиникалық тексеру арқылы зерттеген. Тиімді қарым-қатынас дағдылары білім алушылар үшін қажет және үйренуге болады, бірақ оларды ресми бағалау құралдары шектеулі. Осы бағытта балалар неврологиясында жиі кездесетін коммуникативті мәселелерді қамтитын тоғыз стандартталған сценарий жасаған. Балалар неврологиясының резиденттері үш оқу жылында әр жылы үш сценарийге қатысқан. Стандартталған пациенттер науқастарды немесе олардың ата-аналарын сомдаған. Үш жылдық пилоттық жоба бойынша стандартты пациенттерді оқытуды және резиденттерді бағалауды жетілдірген. Жалпы клиникалық сценарийлер, соның ішінде ауыр жағдайдағы балалар, болжамдары белгісіз балалар, ата-аналар үштігі, бала және дәрігерге қатысты коммуникативті мәселелері нақты үлгілеген. Білім алушылар бұл жағдайлардың күрделі болғанын және нақты өмірді бейнелейтінін, бұл тәжірибеде олардың қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға көмектескенін хабарлаған. Балалар неврологиясының резидентура бағдарламаларындағы коммуникативті дағдыларды қалыптастыруды объективті құрылымдық клиникалық тексеру қамтамасыз ете алады деп қорытынды жасаған [10].

Көптеген кәсіби медициналық ұйымдар атап өткендей, медбикелер күрделі тұлғааралық салаларда тиімді қарым-қатынасты көрсетуі керек. Алайда, қарым-қатынас дағдыларын ресми оқыту «Мейірбике ісі» бағдарламаларына қарапайым түрде енгізілді, ал жүйелі түрде оқылатындардың ішінде айтарлықтай әдіснамалық мәселелер бар. Бұл зерттеу клиникалық білім беру аясында кешенді онкологиялық орталықта жазғы тағылымдамадан өткен мейірбике студенттеріне арналған коммуникациялық бағдарламаны (Comskil) қолдануға бағытталған. Мейірбике студенттеріне арналған Comskil оқу бағдарламасы – бұл күндізгі дайындық, оған үш бөлім кіреді: пациенттерге эмпатикалық жауап беру; өмірінің соңғы сәттеріндегі науқастарға және қайтыс болғандарға күтім жасау; қиын отбасылық қарым-қатынасқа жауап беру. Қатысушы медбикелер бағдарламаны өте жақсы қабылдады, олардың 90%-ы бағдарламаның барлық тармақтарымен келісетіндіктерін немесе толық келісетіндіктерін көрсетті. Жаттығуға дейін және одан кейін өзіне деген сенімділіктің айтарлықтай жақсаруы байқалды ($p < 0,01$). Сонымен қатар, стандартты науқастар арқылы бағалаудың жаттығуларға дейінгі және кейінгі бақылаулардың келесі біліктілік санаттарын айтарлықтай жақсарғанын көрсетті: жалпы дағдыларды пайдалану, ақпаратты ұйымдастыру және эмпатикалық байланыс ($p < 0,001$). Бұл нәтижелер мейірбике студенттеріне қарым-қатынас дағдыларын үйретуде сенімділікті арттырудың және күрделі клиникалық

сценарийлерде дағдыларды қолданудың қолайлы және тиімді әдісі болып табылады деп тұжырымдаған [11].

Науқастардың қауіпсіздігі мен медициналық қателіктердің санын азайтуға бағытталған симуляциялық оқыту әдісі денсаулық сақтау жүйесіндегі медициналық білімнің негізі болғанын ғалымдар Франсуз ғалымдары растауда. Мұндай оқыту әдісі науқастар үшін толық қауіпсіз және сапалы дайындықты жүргізуге мүмкіндік береді. Франция кардиологтары симуляцияны келесі дағдаларды игеруге қолданған: интервенциялық кардиологиядағы күрделі әдістер, шиеленіскен жағдайлар мен ерекше асқынуларды басқару және медициналық топтық (командалық) жұмысты дамыту үшін. Ол үшін кардиологиядағы жоғары дәлдіктегі тренажерлер, клиникалық сценарийлер, маңызды ойындар, гибридіті симуляция және виртуалды шындық қолданған. Үлгілеу әдісіне кардиологияның бірқатар салалары кірген: тері арқылы эхокардиография, жүрек катетеризациясы, коронарлық ангиопластика және электрофизиология. Стандартталған пациенттерді қолдана отырып, қарым-қатынас дағдыларын жақсартқан және ауыр аурулар туралы хабарлаумен байланысты жағдайларды басқаруды жақсартқан. Қазіргі заманғы әдебиеттерге шолу жасай отырып қолданыстағы үлгілеу әдістерін, олардың кардиологияның әртүрлі салаларында қолданылуы, сондай-ақ олардың артықшылықтары мен шектеулерін ұсынған. Сонымен қатар, Франциядағы медициналық студенттерді бағалау үшін медициналық студенттерді оқытудағы модельдеудің өсіп келе жатқан рөлін егжей-тегжейлі сипаттаған [12].

Хирургияға дайындық теориялық білімді оқумен қатар, тәжірибелік дағдыларды жетілдіру бойынша құзыреттілікті артыруды қажет етеді. Неміс ғалымдары хирургиялық тренажерлардың неміс ауруханаларында таралуы мен олардың қолданылуын зерттеген. Деректерді талдау жалпы алғанда 19 стандартталған сұрақтан тұратын жеке он-лайн сауалнама негізінде жүргізілген. Нәтижелер бойынша: 267 толық мәліметтер жиынтығы талданған. Қатысушылардың 84% клиникалық ауруханада белсенді жұмыс істегейтіндігін хабарлаған. Зерттеу кезінде ауруханалар мен клиникалардың 35%-да 143 хирургиялық тренажер қолданылған. Симуляциялық оқытуды көбінесе студенттер (41,1%) және дәрігерлер оқу процесінде (32,5%) қолданған. Қатысушы ауруханалардың 94% болашақта хирургиялық мамандарды даярлауда интеграцияға қызығушылық танытқан. Осы сауалнаманың нәтижелері Германиялық ауруханаларда хирургиялық білім беру үшін симуляцияға негізделген оқытудың ерекше маңыздылығын растаған [13].

Төтенше жағдай қашықтықтан оқытудың әртүрлі мәселелерін туғызды. Оклахома медициналық ғылымдар орталығының кампусы студенттерге COVID-19 әсерін азайту үшін жабық болған. Кейбір сыныптар виртуалды платформаларға көшкен. Остеопатиялық медицина колледжінде бір сынып телеконференция құралы болып табылатын Zoom қолданған. Стандартты науқастармен клиникалық сұхбаттасу үшін телемедициналық кездесулерді пайдаланылған. Үш бөлмеде шамамен 10 студенттен тұратын топтар құрған, олардың арасында стандартталған пациенттер белгіленген аралықпен ауысып отырған. Әр бөлмеде студенттерді бағыттау үшін оқытушы-фасилитаторлар болған. Ал бір көмекші пленарлық отырыстың техникалық аспектілерін басқаруға жетекші болған. Бұл тәсіл топтық іс-шараларға сәтті балама және студенттерді телемедицина арқылы білім берудің тиімді мүмкіндігі екенін анықтаған [14].

Lee Y.H. және басқа авторлар мәліметі бойынша мәдениет адам өміріндегі байланыстырушы буын ретінде қызмет етеді. Мәдени құзыреттілік пен тәжірибені бағалаудың объективті, пайдалы құралдары жоқ. Бұл зерттеуде мәдени құзіреттілікті өсіру бағдарламасы арқылы медбикелердің мәдени құзіреттілігі күшейтілгенін бағалаған. Әдістері: квази-эксперименттік зерттеу Тайваньдағы медициналық орталықта жұмыс істейтін медбикелерді бағалау үшін қолданылды. Олар кездейсоқ коммуникативті құзыреттілік бағдарламасын алған тәжірибелік топқа (n=47) немесе білім беру бағдарламасын алмаған бақылау тобына (n=50) бөлінді. Араласудан кейін қатысушыларды оқытудың тиімділігі

объективті құрылымдалған клиникалық тексеру (ОҚКТ) арқылы бағаланған. Зерттеу деректері SPSS-те статистикалық түрде талданған. Нәтижелері: эксперименттік топтың орташа балы «коммуникативті күзiреттiлiктер мен дағдылар» категориясында сенiмдi жоғары болған. Сонымен қатар, ОҚКТ ұпайлары мен пациенттердi тексерудiң стандартталған бағасы және жалпы ұпайлар айтарлықтай және оң арақатынаста байқалған. Осы зерттеудiң нәтижелерi болашақ клиникалық бiлiм беру бағдарламаларын әзiрлеу үшiн жетекшi нұсқаулық бола алады деп тұжырымдайды [15].

Модельдеу тобы корпоративтi жұмыс орнының жалпы мәселелерiне бағытталған тоғыз сценарий әзiрленген. Модельдендiрiлген «пациенттердiң» рөлiн бейнелейтiн актерлер стандартталған «корпоративтi менеджерлер мен қызметкерлер» ретiнде қайта қарастырып, ал TeamSTEPPS® оқу бағдарламасындағы кейбiр байланыс құралдары корпоративтi ортада қолдануға бейiмдеген. Бiлiмгерлер дәлелдерге негiзделген бiрнеше әдiстердi қолдана отырып, модельдеу сценарийлерi мен талдау жаттығуларына қатысқан. Сценарийлердi әзiрлеуге, пациенттердi стандартталған оқытуға, оқу тәжiрибесiн жобалауға, үлкен топтарды модельдеуге, шығындарды әзiрлеуге және сәтiлiкке қатысты ұсыныстарға қатысты егжей-тегжейлi мәлiметтер келтiрiлген. Бұл тәжiрибенi басқару бағалары соншалықты жағымды болғандықтан, көшбасшылықты оқыту басқа оқу орындарына да қолдану ұсынылған [16].

Dominguez-Colman L. зерттеуiнде төртiншi курс медициналық студенттерiн имитациялық технологияны қолдана отырып, психиатриялық төтенше жағдайларды тануға дайындау қарастырылған. Пол Л. Фостер медицина мектебiнiң 2018–2019 оқу жылында төртiншi курс бойынша 98 студентi зерттеуге қатысқан. Жоғары дәлiктегi модельдеудi және стандартталған пациенттердi жедел психиатриялық төтенше жағдайларды бiлдiретiн екi түрлi клиникалық сценарийдi қайта құру үшiн қолданып, содан кейiн құрылымдық сауалнама жүргiзiлген. Qualtrics арқылы электронды түрде қол жетiмдi болатын алдын-ала және кейiнгi сапалы сауалнамалар оқу бағдарламасы мен оқу лагерi кезiнде курстарды оқыту әдiстерiнiң тиiмдiлiгiн бағалауға арналған. Барлық қатысушылар психиатриялық төтенше жағдайларды диагностикалау мен емдеудегi сенiмдiлiк деңгейiнiң бастапқы деңгеймен салыстырғанда жақсарған. Жалпы сауалнамадан кейiнгi талдау кезiнде Лайкерт көрсеткiшiнiң статистикалық маңызды өсui байқалған. Жоғары дәлiктi модельдеудi және стандартталған пациенттермен кездесулердi қолдана отырып, психиатриялық төтенше жағдайларды оқыту студенттердiң бiрнеше құзыреттiлiкке деген сенiмiн арттырған. Студенттердiң сенiмдiлiгiн артуы резидентураға түсуге көмектеседi [17].

Қазiргi уақытта медицина жоғары оқу орындарында студенттерге бiлiм берудi жақсартудың әртүрлi ресурстары мен стратегияларын, соның iшiнде Имитациялық iс-шараларды қамтиды. Модельдеудiң бiрнеше пайдасы бар, бiрақ оны қалай жүзеге асыруды және қажеттi ресурстарға ие болуды бiлу керек, сонымен қатар оған қойылатын нақты оқу мақсаттары бар және оның қатысушы үшiн қаншалықты пайдалы екенiн бағалау керек. Осы мақсатта УНАМ медициналық факультетiнiң бiрiншi курс медициналық студенттерi қатысқан сипаттамалық зерттеу жүргiзiлдi. Имитациялық модельдеудi қолдана отырып, олар дәрiгер мен пациент арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығын қарастырып және стандартталған пациенттер мен төмен имитациялық модельдердi қолдана отырып, 3 фазаға бөлiнген қызметте гинекологиялық тексеру техникасын зерттеген. Бұл модельдеу сапасын жақсартуға және студенттердiң дәрiгер ретiнде өз дағдыларын игергендерiн анықтауға көмектеседi [18].

Schlottmann F. және басқа авторлардың жұмыстарында 2018 жылы АҚШ-дағы жоғары оқу орындарындағы хирургиялық кафедраларда имитациялық оқытудың жай-күйiн сипаттау мақсатында онлайн-сауалнама Qualtrics жiберiлдi. Сауалнама барысында сұрақтар модельдеу мүмкiндiктерi мен қызметiне, сондай-ақ кафедралардың модельдеудiң құндылығы мен мақсатын қабылдауына бағытталған. Нәтижесiнде көптеген кафедралар модельдеу пациенттердiң қауiпсiздiгiн арттырады деп санаса да (86%) және тәжiрибелi хирургтар үшiн

пайдалы (81%), тек 40%-ы оқытушылар техникалық дағдыларды сақтау үшін модельдеуді, ал 17%-ы жоғары асқыну проблемаларын шешу үшін модельдеуді қолданған. Сонымен, АҚШ-дағы жоғары оқу орындары оқытушыларының басым көпшілігі біліктілігін қолдау немесе арттыру үшін оларды симуляциялық оқытуды қолдану төмен деңгейде екенін дәлелденген [19].

